



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 16-13-47Д/С

Құрметті депутаттар!

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысына қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасында оқыту мен тәрбие беруде құндылықты-бағдарлы тәсілді қолдана отырып, қазақстандықтардың жас ұрпағын тәрбиелеу мәселесіне арналған арнайы бөлім қарастырылған. Тәрбие жұмысының көрсеткіштері сондай-ақ «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында, жоғары оқу орындарының стратегиялық даму жоспарларында, жоғары оқу орындарының (*бұдан әрі -ЖОО*) тәрбие жұмысы жоспарларында көзделген.

Ұлттық құндылықтарды танымал ету бойынша жоғары оқу орындары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында жалпыға міндетті пәндер циклінде әлеуметтік саяси пәндер модулі қарастырылған.

ЖОО-ларды аккредиттеуге қойылатын талаптарда жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бойынша пәндерді міндетті түрде енгізуді қамтитын студентке бағдарланған оқыту және бағалау стандарты қарастырылған.

Жастардың шығармашылық белсенділігін дамыту үшін студенттер бағыттар бойынша клубтардың жұмысына тартылады, студенттік лигалар (спорттық, пікірсайыс және т.б.) құрылады. 100-ден астам ЖОО-да пікірсайыс клубтары жұмыс істейді, оларда жастар саясатының өзекті тақырыптары бойынша клубтардың тұрақты отырысы өтеді. ЖОО-ның алқалы органдарына (*Ғылыми кеңес, әдеп жөніндегі комиссия, жұмыс топтары, сарапшылық кеңестер және т.б.*) студенттік актив басқарушылық шешімдер қабылдауға, білім беру процесі мен студенттік өмір мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеуге және келісуге қатысу үшін тартылады.

Республикалық деңгейде студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамыту үшін Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы бұйрығымен Білім және ғылым министрлігі жанынан Студенттердің мәселелері жөніндегі кеңес құрылды. Кеңес құрамына жетекші жастар қоғамдық ұйымдарының басшылары, жастар ісі жөніндегі комитеттердің жетекшілері және т.б. кірді.

Әскери-патриоттық тәрбие бойынша жұмысты 36 ЖОО жанындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттіліктері үшін әртүрлі бейіндегі запастағы офицерлерді даярлайтын әскери кафедраларда жүргізеді. Отансүйгіштігі мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін 2020 жылдан бастап республиканың білім беру ұйымдарындағы жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар «Елбасы» медалімен марапатталады (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 2020 N249 қаулысы*).

Көрсетілген шаралар студент жастар арасындағы жағымсыз көңіл-күйлерді азайтуға және суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған.

Суицидтің алдын алу бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде әлеуметтік жобалар тұрақты негізде іске асырылуда. Атап айтқанда, 2021 жылы «Жастар арасында суицидтің алдын алу бойынша шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру» әлеуметтік жобасы іске асырылды (*грант алушы – «Қазақстанның тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері институты» қоғамдық қоры*). ЖОО-лар студент жастардың құқық қорғау ұйымдарының өкілдерімен қазақстандық заңнаманы түсіндіру бойынша 120-дан астам кездесу өткізді.

Деструктивті идеологияға қарсы тұру мақсатында қазіргі уақытта 7 ЖОО-ның базасында дінтану, исламтану және теология саласында кадрлар даярланады, ағымдағы жылы 204 адам, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша 170 адам оқиды. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарда Қазақстан халқының рухани және мәдени мұрасын сақтау, мемлекеттің зайырлылық принциптерін нығайту бойынша халықтың атаулы топтары, оның ішінде жастар арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімдері бар.

Жастарға білікті психологиялық көмек көрсету үшін ЖОО-ларда психологиялық қызметтер, «сенім телефондары» жұмыс істейді. Психологтардың штаттық саны шамамен 250 адамнан асады. Бүгінгі таңда ЖОО-лар «Педагогика және психология», «Психология» мамандықтары бойынша 13038 адамды даярлауда.

Педагогтің адамгершілік бағыт-бағдарды қалыптастырудағы, жастарды тәрбиелеудегі рөлі күшейтілді. Өзгермелі жағдайларға және озық білім беру практикасына сәйкес «Педагог» кәсіптік стандартын және білім алушыларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу жөніндегі тереңдетілген мазмұны бар білім беру бағдарламаларын жаңарту көзделген.

Жастарды тәрбиелеуде дене тәрбиесі мен спорттың әсерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарға сәйкес, Мектеп спорт федерациясымен және Ұлттық студенттік спорт одағымен мектептік және студенттік лигаларды бірлесіп өткізу бойынша

іс-шаралар іске асырылады, ЖОО-лар мен колледждерде спорт клубтарының саны осуде. 104 азаматтық ЖОО-да студенттік спортты дамыту үшін 23500-ден астам адамды қамтитын 101 спорт клубы мен 721 спорт секциясы (бокс, күрес, волейбол, баскетбол, футбол және т.б.) жұмыс істейді. Студенттердің спорттық іс-шараларға қатысу көрсеткіші шамамен 50% -ды құрайды.

2019-2021 жылдар кезеңінде спорттық инфрақұрылымды дамытуға аса мұқтаж елді мекендерде дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін (*бұдан әрі - ДШСК*) салу жоспарланған. 2019-2021 жылдары 102 ДШСК салынған.

Барлық ЖОО-да салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар, студенттер арасында тәрбие жұмысын күшейту мақсатында ЖОО-ның басшылығына мыналар тапсырылды:

- ұлттық құндылықтарды дәріптеуді ескере отырып, ЖОО-ның тәрбие жұмысы жоспарларының мазмұнын жаңарту;

- ЖОО-ның оқу процесінде рухани-адамгершілік тәрбие бойынша білім беру модулін әзірлеу;

- ЖОО-ның және демеушілік қаражат есебінен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының қызметін қаржылай қамтамасыз ету;

- кураторлардың студенттермен өзара іс-қимылының тиімді тетігін пысықтау;

- діни экстремизмнің алдын алу бойынша студент жастармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.

Е. Тоғжанов